

Қазақ тарихы еркіндік пен дербестік үшін қарастырылған мұсалдарына толы. Ежелгі түркілердің дәуірінен бастап, қазақ халқы Ұлы даланың ба-йырғы иесі ретінде өз жерін жаудан қорғап, еркін өмір сүрге үмтүлді. XV ғасырда Керей мен Жәнібек хандардың бастауымен Қазақ хандығы құрылып, бұл тарихи оқиға тәуелсіз мемлекеттің алғашқы қадамы болды. Қазақ хандығы ғасырлар бойы сыртқы жаулармен, есірепе Жоңғар шапқыншылығымен күресіп, үлттық бірегейлікті сактауга тырысты. Бірақ XVIII ғасырда Ресей империясының ықпалы қүшейіп, Қазақстан біртінде отар елге айналды.

Желтоқсан оқиғасы тәуелсіздікке жол ашқан маңызды тарихи кезеңдердің бірі ретінде жадымызда жатталып қалды. 1986 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің пленумында Дінмұхамед Қонаев қызметінен босатылып, оның орнына қазақ елінде бұрын қызмет етпеген Геннадий Колбин тағайындалды. Бұл шешім қазақ жастарының наразылығын тудырды, ейткені олар жергілікті халықтың мүддесін елемеген биліктің бұл әрекетін әділетсіздік деп санады.

1986 жылғы желтоқсан айында 3-ші курста оқып жүргенбіз. Жастар 17-18 желтоқсан күндері алаңға көтеп жиналды. Барлық студенттерді ҚазҰУ-дың окуғи-маратынан шығармай, қамап қойды. Бірақ та себебін тауып, шыққандар жетерлік еді. Сол уа-

# ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫЛЫ



қытта студенттер мен оқытушы профессорларды қудалau бас-  
талып, соның біраз зардабын тарттық. Сабакқа қатысуға  
тыйым салып, оқудан шығарып жіберді. Кейін саяси жағдай  
қалпына келген кезде оқуға қайта оралдық. Профессор Темір-  
бек Қожакеевтің ғылыми жетекшілігімен патшалық Ресей тұ-  
сында жарық көріп тұрған бас-  
пасөздері қазақ даласын отарлау  
саясатының жазылуы мәселесін  
ғылыми тұрғыдан зерттеп, дис-  
сертация корғап шыктым.

Желтоқсан оқиғасы қазақ халқының рухын оятып, үлттық

сананың қайта жаңғыруына себеп болды. Бұл тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Қеңес Одағы халықтарының тәуелсіздікке деген ұмтылысының бастауына айналды. Қеңес Одағының ыдышау үдерісін жеделдеткен бұл оқиға қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырды.

Қазақстанның Тәуелсіздігі тарих жылнамасында алтын әріптермен жазылды. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы” Конституциялық заң қабылдан,

еліміз егемендігін жариялады.  
Бұл күн қазақ халқының өз тар  
дырын өз қолына алған жеңі  
күні еді.

Қазақстан Төуелсіздік алғашқы жылдары көптеген қындықтарға тап болды. Экономика құлдырау үстінде еді халықтың тұрмысы ауыр болды. Ұлттық валютамыз енгізілмегендегенде ел халықаралық деңгейде әлтаныла қоймаған еді. Сол уақыттағы қындық орта буынның әлесінде. Бірақ осы қындықтарға қарамастан, мемлекет өзінің егемендігін нығайту үшін батыс кадамдар жасалы.

Жаңа Астана салынды, үлт-  
тық экономика дамып, халық-  
аралық аренада Қазақстан бе-  
делді мемлекет ретінде таныла  
бастады. Бұғандегі Қазақстан БҰҰ,  
ЕҚЫҰ сияқты халықаралық  
ұйымдардың белсенді мүшесі  
болып, аймақтық қауіпсіздік пен  
тұрақтылыққа үлес қосып келеді.

Тәуелсіздік – бұл тек мемлекеттің саяси еркіндігі ғана емес, ол халықтың өзіндік мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға, ұлттық құндылықтарды дамытуға мүмкіндік беретін ұлы құндылық 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы мен 1991 жылғы тарихи Тәуелсіздік күні бізге бір маңызды Әмір сабағын үрретті. Азаттық – ұлттың бірлігі мен күресінің нәтижесі. Осы күнді әрбір Қазақстан азаматы мақтанышпен атап өтеді. Өйткені бұл – халқымыздың женісі мен егемендігінің нышаны.

Бұл күн – тек өткенді еске алу  
емес, сондай-ақ болашаққа се-  
німмен қарайтын мезет. Жел-  
тоқсан көтерілісінің батырлары  
мен егемендік үшін күрескен  
ұрпақтың ерлігін ұмытпау – біздің  
парызымыз. Қазақстанның бола-  
шағы жарқын болу үшін әрбір  
азамат осы күннің маңызын тे-  
рең түсініп, елдің өркендеуіне өз  
үлесін қосуы керек. Біздің Тә-  
уелсіздігіміз – баға жетпес бай-  
лығымыз. Оны қорғау, сақтау жә-  
не дамыту – бүгінгі және келешек  
урпақтың касиетті міндепті.

**Мырзантай ЖАҚЫП,  
М.Қозыбаев атындағы  
СКУ профессоры.**